



18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

**ҒЫЛЫМИ
ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ
ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА**
Қолданыстағы деректермен жұмыс
жасау





Қолданыстағы деректер әртүрлі формаларда болуы мүмкін, бірақ бұл жерде олар мына түрде жіктеледі: (1) құжаттарды талдау процесі арқылы ең жақсы зерттелген тарихи құжаттар; (2) тарихи талдау арқылы ең жақсы зерттелген тарихи құжаттар; (3) мәдени артефактіні талдау арқылы ең жақсы зерттелген артефактілер; және (4) қайталама талдау арқылы ең жақсы зерттелген деректер жинақтары.

Мәтін/құжат талдауы

Толықтырушы құжаттар көбіне сөздермен жазылған мәтіндерден тұрады. Бірақ кей жағдайларда бұл видео, аудио материалдар немесе веб-сайттар болуы мүмкін. Ондай материалдарды да біз мәтін деп атаймыз. Яғни мәтіндік талдау деген нақты сөздермен жазылған мәтіндер емес, кез келген талдау жүргізуге болатын ақпараттар легі бола алады. Кез келген мәтінді талдағанда оған қойылатын стандартты талаптар болады, біріншісі ол жаңсақ пікірден таза болуы, екіншісі автордың субъективті ойынан таза болуы. Мәтінмен жұмыс істегенде де жұмысыңызды алдын ала жоспарлап алуыңыз қажет.

Жоспарлау

Мәтінмен жұмысты жоспарлауда мына нәрселерді ескеріңіз:

1. Негізгі жиынтық/іріктеме/респонденттер/қатысушылар – Мәтін талдауында бұл барлағыңыз келетін «мәтіндер» тізімін жасау және олардың кімнің атынан сөйлейтінін түсінуді қамтиды. Зерттеуге ниет білдірген мәтіндеріңіз тым көлемді болса, сәйкес келетін іріктеме стратегиясын әзірлеуіңіз қажет.
2. Қолжетімділік – Мәтіндерді қалай табасыз және оларға қалай қол жеткізесіз. Сондай-ақ, мәтіндеріңізді толығымен алуға шектеу келтіруі мүмкін кез келген тілдік немесе мәдени кедергілерді қарастыруыңыз қажет.
3. Сынаржақ пікірлеріңіз – «Мәтіндерді» зерттеуді сынаржақ пікірлерден алшақ ұстауды қамтамасыз ететін тәсілдермен субъективтіліктерді тану және бақылау.
4. Қабілеттеріңіз – Талдауды жасау үшін қажетті қабілеттеріңізді/ресурстарыңызды қалай дамытуыңыз мүмкін.
5. Сенімділік – Сенімділікті қамтамасыз ету стратегиясын қарастырыңыз.
6. Деректер – Мәтіндеріңізден не іздеп жатқаныңызды немесе не табуға тырысып жатқаныңызды анық білу.
7. Этика/этикалық мақұлдау – Сіздің жобаңызға тән кез-келген этикалық дилеммаларды қарастыру және тиісті этикалық мақұлдау алу, яғни құпия, жасырын немесе жеке ретінде жіктелген мәтіндерді зерттеу үшін мақұлдау алу.
8. Күтпеген жағдайлар – Күтпеген, жоспарланбаған және жазатайым жағдайлар. Бұл негізгі жоспарыңыз жүзеге аспаған жағдайда, қосалқы жоспардың дайын болуын білдіреді.

Мәтіндерді жинау, шолу және тексеру (interrogating)

Мәтінмен жұмыс жасау мына әдістерді қолданыңыз:

- Сұхбат – Құжаттарыңыздан «сұхбат алу» кезінде, сіз зерттеуіңізге сұранысқа сәйкес келетін ақпаратпен қамтамасыз ете алатын кез-келген құжатты респондент ретінде қарастырасыз. Қоятын сұрақтарыңыз зерттеуіңіздің сипаты мен құжаттарыңыздың типіне байланысты. Сұхбат кезіндегі сияқты, не білгіңіз келетінін және құжаттардың жауаптармен қамтамасыз ете алатынын анықтауыңыз қажет. Әр сұрақты «қоюыңыз» және жауап беретін құжаттағы үзінділерді белгілеуіңіз керек. Жауаптарыңызды ұйымдастыру түсті таңбалау жүйесін пайдалану арқылы жасалуы мүмкін немесе құжаттарды индекстеуде сізге көмектесу үшін Nvivo немесе NUD*IST сияқты деректерді басқару бағдарламаларына қолдануыңызға болады.
- Оқиғаларды жазып алу – құжаттағы белгілі бір сөздердің, сөз тіркестерінің және тұжырымдамалардың қолданысын есептейтін процесс. Формальді құрылымдық бақылау әдісіндегідей, зерттеуші не «іздеп жатқанын» анықтайды және оқиғалар контекстінің санын және жиілігін жазып отырады.

«Мәтіндерді» жинау, шолу және тексеру (interrogating)

1. Тиісті мәтіндерді жинау
2. Ұйымдастыру
3. Көшірме алу



4. Түпнұсқалығын растау
5. Мәтіннің өзектілігін зерттеу
6. Бэкграунд ақпаратты зерттеу
7. Мәтінге қатысты сұрақтар қою
8. Контентін зерттеу

Ой жүгірту, нақтылау және талдау жасау

Ақпарат заманы болған соң мәтіндердің түр-түрлері молынан кездесетін заманда тұрып жатырмыз. Сондықтан осыншама көп материалдадың ішінен өзіңізге қажеттісін таңдап алу біршама біліктілікті қажет етеді. Сондықтан мәтіндерді сүзгілей алуға үйренуіңіз тиіс. Ол үшін мына шарттарды орындаңыз:

1. Қажеттілігіне қарай оқу және жақсарту – Талдауға қайталанатын және үздіксіз процес ретінде қараңыз.
2. Процесті шолу – Мәтіндерді жинауға қатысты кез келген қиындықтар бойынша ой жүгіртіңіз, дереккөздерді шолып, контентті зерттеңіз.
3. Жазбаларыңызды шолу – Жазбаларыңызды түсіну кезінде кездесуі мүмкін кез келген қиындықтар туралы ой жүгіртіңіз.
4. Түрленімдер жасау – Процесті және дайындалған деректердің сапасын шолу негізінде өзгерістер жасау.
5. Шолуды және нақтылауды жалғастыру – Процесті және жиналған деректерді толық игермегенше жалғастырыңыз.
6. Негізгі мәселелер – Егер негізгі мәселелер бар болса, жетекшіңізбен ашық түрде талқылаңыз және түрлендірме жасауды қарастырыңыз.
7. Талдау – Мәтін талдауында жиналған деректер сандық болуы мүмкін (әртүрлі есептеу тәсілдері және тереңдетілген статистикалық талдау әдістерінің көмегімен) немесе сапалық болуы мүмкін (терең рефлексивті процестердің көмегімен). Есте сақтаңыз: талдау сіздің зерттеу сұрағыңызды терең түсіну бағытында жұмыс істеуі керек.

Тарихи талдау

Тарихпен байланысты құжаттарды тексеру мен олармен жұмыс істеудің талаптары біршама өзгешеленеді. Оларды тексеру үшін: (1) шын мәнінде не болғанын анықтау керек – кейде аңыз немесе әпсана фактілерге немесе кем дегенде фактілердің толық тізіміне негізделмейді; (2) не себепті болғанын анықтау – тарихи талдау «не» деген сұрақпен шектелмейді және көп шындықты, жағдайды, контекст пен шарттарды сұрайды, яғни жағдаяттың күрделілігін түсінуге тырысады; (3) салдарын түсіну – тарихшылардың пікірінше, өткен – болашақты түсінудің кілті; сондықтан тарихи талдау өткеннің талдауын қазіргі шарттарға және болашақ мүмкіндіктерге байланыстыруға тырысады.

Мұндағы қиындықтар мыналар:

- пайдаланылған ресурстардың шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету;
- толық деп есептеу үшін жеткілікті деректер жинау;
- айырмашылықтар мен қарама-қайшы дәлелдер арасындағы үрдістер мен модельдерді табу.

Мәдени артефактілерді талдау

Мәдени артефактілерді талдауға эрозия мен аккреция өлшемдері қолданылады:

- Эрозия – Тозығы жеткен нәрселерді зерттеу. Қылмыс орнында бұл аяқ іздеріне немесе соққы іздеріне қарауды білдіреді. Әлеуметтік ғылым әлемінде тозған орындарға қарап адамдардың пойызда қай жерге отырғысы келетінін білуге немесе күту бөлмесіндегі кітаптардың жай-күйін тексеру арқылы пациенттің нені көбірек оқитынын анықтауға болады.
- Аккреция – Адамдардан қалған нәрселерді зерттеу. Мысалы, қылмыс орнына қайта оралатын болсақ, ДНҚ немесе түсіп қалған сіріңке қорапшасын іздейміз. Әлеуметтік ғылым әлемінде емхананың қоқыс салатын жәшігіне қарап, қызметкерлердің қоқыстарды жою саясатына сәйкес келетінін анықтауға тырысамыз, не болмаса дәретхана есігіндегі граффитилерді зерделей отырып, олардың тазалыққа қатысты көзқарастарын тексере аламыз.



Мәдени артефактты талдауға тарихи деректі фильмдерді жатқызуға болады. Олардың ішінде антропологтар түсірген этнографиялық еңбектердің маңызы зор болуы мүмкін. Өйткені олар әдетте көп жерлерде айтыла бермейтін күнделікті өмір салтына қатысты ерекшеліктерді келтіріп отырады.

Толықтырушы деректерді талдау

1. Толықтырушы деректерді талдау кезіндегі этаптар
2. Зерттеу сұрағын анықтау – жоғарыда көрселтілгендей, не іздеп жатқаныңызды анық білу.
3. Деректерді табу – не бар екенін және оған қол жеткізе алатыныңызды білу. Кітапханашының көмегімен интернетте жылдам іздеу жасау көп нұсқаны көрсетеді.
4. Деректерге қол жеткізу – олардың қай жерде екенін білу оларға қол жеткізу кепілдігін бермейді. Рұқсат алуыңыз қажет. Зерттеу сұрағыңызбен бөлісуге дайын болыңыз және зерттеуіңіздің артықшылығы бұл жерде пайдалы болуы мүмкін.
5. Деректердің сәйкестігін бағалау – деректердің жиналған кездегі бастапқы мақсаты, негізгі жиынтық, іріктеме стратегиясы/іріктеме, деректерді жинау протоколы, тұжырымдамаларды операцияларда, қойылған сұрақтар және деректердің формасы сияқты нәрселерді қарастыру.
6. Деректердің сенімділігін бағалау – төл зерттеушілерді куәландырушы ақпараттарын анықтау, кездесетін кез-келген қиындықтарды қамтитын әдістердің толық түсіндірмесін іздеу, деректердің басқа дереккөздерден алынған деректермен қаншалықты сәйкес келетінін анықтау, деректердің жарияланған сенімді зерттеуде пайдаланылғандығын анықтау.
7. Талдау – бұл әдетте бірқатар статистикалық процестерді қамтиды.

Онлайн дерекқорлар мен деректер жинағы қаншалықты пайдалы?

Онлайн дерекқорлар санақ ақпаратын, демографиялық статистиканы, конфликт деректерін және экономикалық даму көрсеткіштерін қамтитын көптеген ақпарат ұсына алады. Бұл зерттеу іскерлік, әлеуметтік ғылымдар, денсаулық сақтау, білім беру және STEM (Ғылым, Технология, Инженерлік және математика) салаларын қамтитын әрбір зерттеу саласына пайдалы. Зерттеуге тұрарлық кейбір ауқымды бірнеше ұлттық және халықаралық дерекқорлары мыналар: Дүниежүзілік банк <http://data.worldbank.org>; Біріккен Ұлттар Ұйымы <https://data.un.org>; АҚШ федералдық статистика <http://fedstats.sites.usa.gov>; Австралия статистика бюросы www.abs.gov.au; Ұлыбритания үкіметінің деректері www.data.gov.uk; and Garminder www.garminder.org. Қызығушылық танытқан пәнді пайдалана отырып гуглда (Google) жылдам іздеу жасау көп мүмкіндіктер береді.